

Тұпқараған ауданының әкімдігінің 2015 жылғы 2 наурыздағы № 43 және Тұпқараған аудандық мәслихатының 2015 жылғы 2 наурыздағы № 28/194 "Тұпқараған ауданы Ақшұқыр ауылының шекараларын белгілеу туралы" бірлескен қаулысы мен шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Маңғыстау облысы Тұпқараған аудандық мәслихатының 2018 жылғы 20 шілдедегі № 22/192 және Маңғыстау облысы Тұпқараған ауданы әкімдігінің 2018 жылғы 20 шілдедегі № 114 бірлескен шешімі мен қаулысы. Маңғыстау облысы Әділет департаментінде 2018 жылғы 1 тамызда № 3697 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Заңының 10 бабының 3 тармағына сәйкес және Маңғыстау облысының әділет департаментінің 2018 жылғы 16 мамырдағы № 10-09-1627 ұсынысының негізінде, Тұпқараған ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ және Тұпқараған аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Тұпқараған ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 2 наурыздағы № 43 және Тұпқараған аудандық мәслихатының 2015 жылғы 2 наурыздағы № 28/194 "Тұпқараған ауданы Ақшұқыр ауылының шекараларын белгілеу туралы" бірлескен қаулысы мен шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 2672 болып тіркелген, 2015 жылғы 24 сәуірде "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) келесідей өзгерістер енгізілсін:

қосымшаға сәйкес белгіленген Тұпқараған ауданы Ақшұқыр ауылының сыйбасындағы "Ақшұқыр селосы", "Сайын Шапағатов селолық округі" деген сөз тіркестері тиісінше "Ақшұқыр ауылы", "Сайын Шапағатов ауылдық округі" деген сөз тіркестерімен ауыстырылсын.

2. "Тұпқараған аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесі осы бірлескен қаулы мен шешімнің әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін, оның Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкінде және бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы бірлескен қаулы мен шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ол алғашқы ресми жарияланған күннен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы

Л.Ашикбаева

Аудан әкімі

T.Acayov

Аудандық мәслихат хатшысы

A.Досanova

"КЕЛІСІЛДІ"

Ақшүкір ауылдың әкімі

А.Нугманов

20 шілде 2018 жыл

"КЕЛІСІЛДІ"

"Тұпқараған аудандық жер
қатынастары, сәулет және қала
құрылышы бөлімі" мемлекеттік
mekemесінің басшысының
міндетін атқарушы
Ж.Тұрмұқанбетов
20 шілде 2018 жыл

"КЕЛІСІЛДІ"

"Тұпқараған аудандық
құрылыш бөлімі" мемлекеттік
mekemесінің басшысы
Е.Жанбырбаев
20 шілде 2018 жыл

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК